

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 2 наурыздағы N 191 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 сәуірде N 14-11-98 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 қазандағы № 752 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 21.10.2011 № 752 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1-тармақ 13-тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18 бабының 4-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасы бекітілсін.

2. Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі Уәкілетті орган) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасын іске асыруды жүзеге асырсын.

3. Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі: уәкілетті органда тіркелген, жұмыссыздарды жұмыс берушілер ұйымдастырған әлеуметтік жұмыс орындарына жіберуді жүзеге асырсын; осы мақсатқа әр жылға арналған бюджетте көзделген қаражат шегінде жұмыс берушінің жұмыссыздардың еңбегіне төленетін айлық жалақының ішінара төлемін өтесін.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2009.05.13 N 423 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4. Жергілікті атқарушы орган міндетті зейнетақы жарналары мен жеке табыс салығын қоса алғанда, жұмысқа орналастырылатындардың жоспарлы саны мен қатысу мерзімін ескере отырып, әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілетін адамдар үшін ағымдағы нысаналы трансферттерден аударылатын орташа айлық аударымдардың айқындаған мөлшері екінші деңгейдегі банктердегі

жұмыссыздардың есеп шотына аудару арқылы жүзеге асырылсын.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2010.06.10 N 402 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

5. "Әлеуметтік жұмыс орындарына нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру Қағидасын бекіту туралы" Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 16 ақпандағы N 181 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 14-11-48 санмен тіркелген, "Сарыағаш" газетінің 2006 жылғы 7 мамырдағы санында жарияланған) күші жойылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғ. Бижановқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ұ. Сәдібеков

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 2 наурыздағы

N 191 қаулысымен бекітілген

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасы

1. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға Уәкілетті органға өтінім тапсырады.

2. Уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу кезінде мынадай талаптарды ескереді: еңбек ақы төлеу қабілеті, еңбек ақының уақытында төленуі, жұмыс орнының қауіпсіздік техникасы нормаларына сай болуы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі нормаларының сақталуы, уәкілетті органмен жасалған келісім-шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссыздарға тұрақты жұмыс ұсыну мүмкіндігі қаралады.

3. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөнінде Уәкілетті органмен келісім-шарт жасайды. Келісім шартта екі жақтың міндеттері, жұмыс көлемдері, түрлері, еңбек төлемдерінің мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мерзімі және көздері, жіберілетін жұмыссыздардың саны көрсетіледі. Жұмыс уақытша болғандықтан, оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындар мен бос орындарды пайдалануға болмайды.

4. Әлеуметтік жұмыс орнына орналасқан нысаналы топтардағы жұмыссыздардың жұмыс істеу мерзімі бір жылға дейін болады.

5. Уәкілетті орган қаражатты аударуды, жұмыс берушіге жұмыссызды

жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесінің және жұмыс уақытына есеп жүргізу табелі негізінде жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК